



САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №29 (9583) 19 шілде 2024 ж.

Кедергісіз келешек

ҰСЫНЫСТАР ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Жуырда ауданда қамқөңіл жандарға жасалып жатқан жағдайлар атап айтқанда әлеуметтік орындардағы пандустарды өз көзімен көріп, бағалау мақсатында Талдықорған қаласы әкімінің штаттан тыс көмекшісі, мүмкіндігі шектеулі жандар қоғамының жетекшісі Вадим Друзин келді. Мониторинг тобымен бірге облыс орталығынан келген мейман Сарқан қаласының орталық автобекетін, дүкендерді, аурухананы көріп, қынжылтатын сәттерді де байқады.



екіншіше орай, барлық кәсіпкерлік нысандардағы пандустардың талапқа сәйкес еместігі байқалды. Вадим Друзин бастаған топ кәсіпкерлік нысандарының иелеріне мүмкіндігі шектеулі жандарға толыққанды жағдай жасау қажеттігі туралы ұсыныс тастады. Ал ғимарат иелері ұсынысты қабылдап, пандустарын талапқа сай жасақтауға ниет білдірді.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңның 25 бабында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлғалар ұлттық стандарттарға сәйкес мүгедектерге ортақ пайдаланылатын көлік құралдарына, тұрғын үйлерге, қоғамдық және өндірістік үйлерге, ғимараттар мен үй-жайларға кедергісіз кіріп-шығуына, әуежайларда, темір жол вокзалдарында, автовокзалдарда, автостанцияларда, теңіз және өзен порттарында еркін бағдар ұстануы мен жүріп-тұруына жағдай жасауға міндеттелген. Қайткенде де жалпы, мүгедектер үшін кіреберіс кедергілерінің, табалдырықтың болмағаны дұрыс. Бұл олардың кедергісіз жылжуына мүмкіндік береді.

Тағдыр тауқыметін тартып жүрген мүмкіндігі шектеулі жанның алдынан кездесетін мәселе аз емес. Кедергісіз қозғалыс арқылы мүмкіндігі шектеулі жанның қажеттілігіне жағдай жасау – сол мәселелердің ішіндегі маңыздысы деп ойлаймыз.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ,

Алғашқы аялдаған нысан халық көп шоғырланатын, жолаушылардың бірі келіп, бірі кетіп жататын орталық автобекет болды. Автобекеттің кіреберісіндегі табалдырықта қоларбаны көтеріп түсіруге тура келді. Бұл жерге кіру үшін аттап, біраз кедергілерден өтуге тура келді. Мүмкіндігі шектеулі жан тұрмақ, дені сау, аяқ-қолы бүтін адамның жолаушылар тасымалдауын нысанға кіруі басты мәселеге айналады. Өз кезегінде мониторинг тобының мүшелері әлеуметтік ғимараттың өкіліне ескертпелерін де жеткізді.

Бірқатар кәсіпкерлік нысандарын мониторинг тобымен бірге аралаған Вадим мүгедектер де өзге он екі мүшесі сау адамдар секілді әлеуметтік нысандарға еш кедергісіз кіруі керектігін, олар толыққанды өмір сүруге құқылы екендігін, өздеріне тән қажеттіліктері барлығын, сол қажеттіліктерін өтеу үшін пандустар бекітілген стандартқа сәйкес жасалу керектігін жеткізді.

Аралау барысында байқалғаны кейбір сауда үйлерінің пандустары талапқа сай жасақталған, төбесінде шатыры, арнайы ұстағышы бар. Бірақ,



Мақсат – қоғамдық сананы жаңғырту

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимылды ұйымдастыру еліміз үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті ең алдымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жұмысты күшейту керек. Осы орайда адамдардың сыбайлас жемқорлыққа көзқарасын түбегейлі өзгерту маңызды, қоғам үшін күрделі және қауіпті мәселені шешуден ешкім тыс қалмауы қажет.

Жуырда аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен жастар арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты сурет байқауы өтті. Сурет байқауына қала, ауылдық округтің мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсене атсалысты.

Бұл байқаудың мақсаты мен міндеті – сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық мәдениетті қалыптастыру, жемқорлықтың ел дамуына кері әсер ететінін оқушылар санасына сіңіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, оның зиянын насихаттау. Сонымен қатар біз балалардың жемқорлыққа қарсы салған суреттері арқылы қоғамдық сананы жаңғыртуды көздедік, - деді "AMANAT" партиясы Сарқан аудандық филиалының төрағасы Асхат Құдабаев.

Байқауға әр түрлі жас аралығындағы қала мектептерінің оқушылары қатысты. Жемқорлыққа қарсы сурет байқауының қорытындысы бойынша басжүлдені Диана Нурланова, I орынды Медина Қожахмет, II орынды Әмір Сатыбалды және III орынды Алинұр Қадырбекиеленді. Жеңімпаздар Алғысхат және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшіміз.



Аудандық тауар өндірушілердің назарына

Аудан бойынша себілген күздік, жаздық дәнді және басқада ауыл шаруашылық дақылдар Қазақстан Республикасының «Тұқым шаруашылығы туралы» Заңы бойынша апробациялық байқаудан міндетті түрде өтуі қажет.

Апробация жасалмаған, стандартқа сәйкес келмейтін тұқымдық материалдар зертханалық тексеруге қабылданбайды. 2024 жылдың өніміне тұқым құю күздік, жаздық дәнді және басқада ауыл шаруашылық дақылдардың тұқымдарын зертханалық тексеруге өткізу барысында Қазақстан Республикасы «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпанының № 385 заңының 14 бабтың 1-12 тармағының талаптарын қатаң сақтауларыңыз керек: (егістерді байқаудан өткізу - ауыл шаруашылық өсімдіктері егістерінің сорттық сапаларын: сорттық тазалығын, сортқа тәнділігін, арамшөптер басу, ауруға шалдығу және зиянкестерден бүліну дәрежесін анықтау).

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы №385 заңдылығы 1-бабы 1-тарауының 13-14 абзацтарды ұстаныңыздар және мүмкіндік болғанша тұқым материалын ішінара ауыстыруыңызды сұраймыз:

13) сорттың өзгеруі - өндірушілер өсіретін, сұрыптар өндірісінде өсірілетін, пайдалану үшін ұсынылған жаңа сорттарға, өнімділігі жоғары немесе экономикалық құнды белгілері мен қасиеттері бойынша ауыстырылатын сорттардан жоғары сорттарға ауыстыру;

14) сорттық жаңарту - өндірісте қолданған кезде сорттық және биологиялық қасиеттері нашарлаған тұқымдарды сол сорттың ең жақсы тұқымымен ауыстыру;

Заң талаптарының бұзылуына жол берілген жағдайда, шаруа құрылым басшылары Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 402 бабына сәйкес жауапқа тартылатынын ескертеміз.

Г. БАТЫРБЕКОВА,
«Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы.

К сведению сельхозтоваро-производителям

ГУ «Сарканский районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений» Просит Всех сельхозтоваропроизводителей Сарканского района строго придерживаться Закона Республики Казахстан «О семеноводстве» от 8 февраля 2003 года N 385.

Согласно пункта 1-12 статьи 14 Закона «О семеноводстве» сельхозтоваропроизводители занимающиеся выращиванием сельскохозяйственных культур (озимые, яровые), в обязательном порядке должны проводить апробацию посевов:

- (апробация посевов - определение сортовых качеств посевов сельскохозяйственных растений: сортовой чистоты, сортовой типичности, степени засоренности, поражения болезнями и повреждения вредителями).

В связи с устаревшими сортами, семенами семенного материала имеющихся у многих из Вас, по возможности просим заменить семенной материал, согласно закона «О семеноводстве» Республики Казахстан от 8 февраля 2003 года N 385 главы 1 статьи 1 пунктов (13-14):

13) сортосмена - замена производителями семян старых, возделываемых в производстве сортов новыми, рекомендуемыми к использованию сортами, более продуктивными или превосходящими заменяемые сорта по хозяйственно ценным признакам и свойствам;

14) сортообновление - замена семян, сортовые и биологические качества которых ухудшились при использовании в производстве, лучшими семенами того же сорта;

Семенной материал, не прошедший испытания и не соответствующий стандарту, к лабораторным испытаниям не принимается.

В случае нарушения требований законодательства предупреждаем, что главы крестьянских структур будут привлечены к ответственности в соответствии со статьей 402 Кодекса об административных правонарушениях от 5 июля 2014 года Республики Казахстан.

Г. БАТЫРБЕКОВА,
главный специалист ГУ «Сарканский районный отдел сельского хозяйства и земельных отношений».

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 21 шілдеге белгіленген Көктерек ауылдық округі әкімін сайлауда кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Көктерек ауылдық округі әкіміне үміткер 3 (үш) кандидаттарды тіркеді.

1. **Жармухамбет Салтанат Калмухамбетқызы** – 1995 жылы туған, «Көктерек ауылдық округі аппараты» ММ бас маманы.

2. **Сабитов Мирхат Ташболатович** - 1969 жылы туған, «Сабитов» ШҚ басшысы, Сарқан ауданы, Көктерек ауылы.

3. **Смагулов Серик Курманович** – 1966 жылы туған, Көктерек ауылдық округінің әкімі.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ

Об итогах регистрации кандидатов на выборах акима Коктерекского сельского округа, назначенных на 21 июля 2024 года

В соответствии со статьей 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года « О выборах в Республики Казахстан» Сарканской районной территориальной избирательной комиссией зарегистрированы 3 (три) кандидата в акимы Коктерекского сельского округа.

1. **Жармухамбет Салтанат Калмухамбетқызы** – 1995 г.р., главный специалист аппарата акима Коктерекского с/о,

2. **Сабитов Мирхат Ташболатович** - 1969 г.р., глава КХ «Сабитов»

3. **Смагулов Серик Курманович** – 1966 г.р., аким Коктерекского с/о.

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия.

Лепсі ауылдық округі әкімінің сайлауына «АМАНАТ» партиясынан үміткер Қияс Ақтөренің 2024-2028 жылдарға арналған САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!

Құрметті, Лепсі ауылдық округінің сайлаушылары!

Мен, Қияс Ақтөре, 1993 жылы 26-сәуірде Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсі ауылында дүниеге келдім.

2010-2014 жж. Қазақ Ұлттық әл-Фараби атындағы университеті. Бакалавр. Экономика.

2011-2014 жж. ҚазҰУ әл-Фараби атындағы әскери кафедрасы. Лейтенант лауазымы.

2014-2015 жж. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университет. Магистратура. Юриспруденция.

Еңбек жолым:

2014-2015 жж. АО «kaspi bank» менеджері қызметі.

2017-2022 жж. Лепсі ауылдық округі әкімінің аппараты- Бас маман қызметі.

2024 ж. Қазіргі уақытта – Жетісу облысы білім басқармасының «Экономика және бухгалтерлік есеп» бөлімінің бас маманы қызметі.

Жетістіктерім:

1. 2010 ж. Алматы облысының әкімі Үмбетов Серік Әбікенұлының қолынан мектепті үздік аяқтағаны үшін «Алтын белгі» төсбелгісімен марапатталдым.

2. 2020 ж. аудан әкімі Разбеков Марат Мелісұлының қолынан атқарылған жақсы жұмыстар үшін алғыс хатпен марапатталдым.

Отбасылық жағдайым: үйленгенмін, екі балам бар.

Мен әрқашан байланыстамын! Тел/WhatsApp: +7777 534 46 71. Email:aktore.kiasov@gmail.ru.

Сайлауалды бағдарлама:

●Жауапты билік пен әділетті басқару жүйесін құруға;

●Лепсі ауылындағы Қонаев, Алдияр батыр, Абылай хан, Құлақын атындағы көшелер мен және тағы да басқа көшелерді жарықтандыру;

●Лепсі ауылындағы көшелерді асфальттау;

●Мемлекеттің мал шаруашылығын және кәсіпкерлікті дамытуға арналған «Агробизнес» және «Іскер» бағдарламалары арқылы несие алып, ауылдық округ аумағында ірі қара малын және қой-ешкі



малы санын арттыру;

●Ауыл халқының табысын арттыру мақсатында «Ауыл аманаты» пилоттық жобасы бойынша ауыл тұрғындарының кәсіптерін ашуға жәрдемдесу;

●Лепсі ауылының орталығындағы саябақты іске қосып, абаттандыруға және балаларға ойын алаңын ашуға жұмыстар жүргізу;

●Ауыл мектебінің жылу жүйесін жаңарту, заманауи кабинеттерді жабдықтау, атаулы кабинеттер ашуға;

●Ауылдық округте экономика мен инфрақұрылымды дамытуға;

●Ауылды көгалдандыруға, ауылдық округ тұрғындарының рухани, құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға;

●Ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға;

●Лепсі ауылында балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт алаңының салынуына жергілікті бюджеттен қаржы қарастыруға өз үлесімді қосамын. #BizBirgemiz.

Құрметті, Лепсі ауылдық округінің тұрғындары!

Дауыс беруге қатысу - бұл біздің әрқайсымыздың парызымыз, өз ауылымызға деген шынайы сезімдеріміздің көрінісі және өз елімізге, балалардың, жастардың, ата-аналардың бақытты да гүлденген өміріне қамқорлық жасау!

Сайлауға келіңіз! Уәде бергендерді емес, жұмыс жасайтынды таңдаңыз!

ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 4 тамызға белгіленген Лепсі ауылдық округі әкімін сайлауда кандидаттарды тіркеу қорытындылары туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 113-5 бабына сәйкес Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Лепсі ауылдық округі әкіміне үміткер 3 (үш) кандидаттарды тіркеді.

1. **Даркембай Ғалымжан Оңдасынұлы**- 1992 жылы туған. «Лепсі ауылдық округі аппараты» ММ бас маманы.

2. **Кунбосынова Ардақ Сериковна** – 1988 жылы туған, «Қарашыған ауылдық округі аппараты» ММ бас маманы.

3. **Қияс Ақтөре** – 1993 жылы туған, «Жетісу облысы білім басқармасы» ММ бас маманы.

Сарқан аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ

Об итогах регистрации кандидатов на выборах акима Лепсинского сельского округа, назначенных на 04 августа 2024 года

В соответствии со статьей 113-5 Конституционного закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года « О выборах в Республики Казахстан» Сарканской районной территориальной избирательной комиссией зарегистрированы 3 (три) кандидата в акимы Лепсинского сельского округа.

1. **Даркембай Ғалымжан Оңдасынұлы** – 1992 г.р., главный специалист аппарата акима Лепсинского с/о.

2. **Кунбосынова Ардақ Сериковна** – 1988 г.р., главный специалист аппарата акима Карашығанского с/о.

3. **Қияс Ақтөре** – 1993 г.р., главный специалист КГУ «Управление образования области Жетісу».

Сарканская районная территориальная избирательная комиссия.

Лепсі ауылдық округі әкімінің сайлауына үміткер Кунбосынова Ардақ Серікқызының САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Кунбосынова Ардақ Серікқызы 13 ақпан 1988 жылы бұрынғы Талдықорған облысы Бөрлітөбе ауданы қазіргі Сарқан ауданы, М.Төлебаев ауылында дүниеге келген. Ұлты-қазақ, білімі- жоғары.

Тұрмыста, көп балалы отбасы.

2005 жылы «Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетіне» түсіп, 2010 жылы «Биотехнология» мамандығын бойынша бітірген.

2012 жылы Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық Университеті «Психология» мамандығына түсіп, 2014 жылы оқу орнын аяқтады.

2013-2016 жылдар аралығында Алматы қаласы Алатау ауданы Ұлжан ықшам ауданындағы165 бөбекжай-балабақшасында тәрбиеші қызметін атқарды.

2016 жылы «Қарашыған ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-де «бағдарламашы» қызметін атқарды.

2016-2019 жылдар аралығында «Қарашыған ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-інде «жетекші маман-салық инспекторы» қызметін атқарды.

2019 жылдан қазіргі күнге дейін «Қарашыған ауылдық округінің әкімі аппараты» ММ-інде бас маман қызметін атқаруда.

Кандидаттың сайлауалды бағдарламасы:

Мемлекет басшысы жүзеге асырып жатқан реформаларын толығымен қолдаймын. Барлық саяси экономикалық және әлеуметтік мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру мақсатында келесі мәселелердің іске асуына баса назар аударамын.

Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсіне отырып, қосымша қаржыландыру көзін іздеу арқылы:

1.Ауылда жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыстанып, ауыл тұрғындарын жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге күшімді саламын.

2.Жұмыссыздық деңгейін азайтудың бойынша шараларын қабылдаймын, жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытында жұмыстар жасаймын.

3.Ауылдың ішкі жолдарына жарықтандыру шамдарын орнатуға үлесімді қосамын.

4.Ауыл тұрғындарымен салық бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, ақпараттандыру жұмыстарын жүргіземін.

5.Ауылдағы жастар мен оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу үшін жұмыстану, ауылдық жерде бұқаралық спорттың дамуына үлес қосамын.

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі басшылығының 2024 жылғы 3 тоқсанда азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

Орган атауы	Қабылдау жүргізуші тұлғаның Т.А.Ә.	Қабылдау жүргізуші тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күші мен уақыты	Органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Елдар Жәсіпбекұлы Турсунов	Бөлім бастығы	дүйсенбі сағ. 15.00-17.00 жұма сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М.Өуезов көшесі 41	8 772839/ 2-24-43
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімі	Ринат Рафаильевич Ахмаров	Бөлімнің бас маманы	сәрсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М.Өуезов көшесі 41	8 772839/ 2-24-43
Сарқан ауданы 12-Өрт сөндіру бөлімі	Ірік Серикович Наушабаев	12-Өрт сөндіру бөлімінің бастығы	сейсенбі сағ. 15.00-18.00 бейсенбі сағ. 10.00-12.30	Сарқан қаласы, М.Өуезов көшесі 41	8 772839/ 2-15-65

Сенім телефоны: 8 772839/ 2-24-43



Денсаулық

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ КҮШЕЮДЕ

Қордың Жетісу облыстық филиалы Талдықорған қалалық емханасы, «Нұр-Авиценум», «ХАК» медициналық орталықтары, қалалық №2 емханасының және облыстағы орталық аудандық ауруханалардың ұжымымен кездесті.

Кездесу барысында Қор мен медициналық ұйымдар арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Оның басты мақсаты алдағы уақытта тұрғындармен кері байланысты жетілдіруге бірігіп атсалысу.

«Қор мен медициналық ұйымның ортақ мүддесі - халықты қолжетімді әрі сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету. Осы ретте ақпараттандырудың, халықпен тиімді кері байланыс орнатудың маңызы зор. Біздің алдағы жоспарымыз осы бағыттағы жұмыстарды күшейтіп, МӘМС жүйесінде сақтандырылғандардың санын азайту», - дейді Қордың Жетісу облыстық филиалының директоры Иван Самойленко.

Сондай-ақ, кездесуде филиал директоры Қордың негізгі қағидаттарын және медициналық көмек пакеттерін қайта қараудың тиімділігін түсіндірді.

Кездесу соңында, медицина қызметкерлерімен ағымдағы жұмыс барысы, шешімін таппаған мәселелер, медициналық қызметті жақсарту бойынша ұсыныстар талқыланды.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерін беру» мемлекеттік қызметі

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры және архивтер туралы Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Мемлекеттік архив – Ұлттық архив қорының құжаттарын жинау, сатып алу, жинақтау, ретке келтіру, тұрақты сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану құқығы берілген мемлекеттік мекеме.

Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Архив тарапынан көрсетілетін қызмет негізінде ұсынылатын «Архивтік анықтама», «Архивтік көшірме», «Архивтік үзінді» - құжаттары туралы айта кетсек:

- Архивтік анықтама – ұйымның хат бланкісінде жасалған, жеке және заңды тұлғаларға қажетті ақпаратты жасауға негіз болған архивтік құжаттардың сақтау бірліктерінің архивтік шифрлері мен парақ нөмірлері көрсетілген осы ақпаратты қамтитын, заңды (түпнұсқа) күші бар құжат;

- Архивтік көшірме – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі № 576 қаулысымен бекітілген Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архив құжаттарын мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтермен толықтыру, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидасына 431-тармағына сәйкес архивтік шифр және сақтау бірлігі парақтарының нөмірлері көрсетілген, рәсімделген, архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе-сөз көрсететін көшірме;

- Архивтік үзінді – архивтің хат бланкісінде жасалған, архивтік құжат мәтінінің белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе-сөз көрсететін сақтау бірліктерінің архивтік

шифрі мен парақтар саны көрсетілген құжат. Архивтік анықтама дайындау барысында жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар Мемлекеттік корпорациядан келіп түскен сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінгенде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі 11 (он бір) жұмыс күні ішінде беріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін екі және одан да көп ұйымдардың және (немесе) 5 (бес) жылдан астам кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болған жағдайда, жауапты орындаушы қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің 25 (жиырма бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылғандығы туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.

Құжаттар (мәліметтер) мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда жауапты орындаушы құжаттар түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің) мемлекеттік сақтауда жоқ екендігі туралы немесе сұранымды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жолданғандығы туралы жауап дайындайды.

Архивте сақталатын архивтік құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей тиесілігі бойынша қажетті архивтік құжаттар сақталатын басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберіледі және бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы хабарланады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау жөніндегі архивтік анықтама, архивтік құжаттың көшірмесі немесе архивтік үзінді, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушіде сұратылған құжаттардың (мәліметтердің)

мемлекеттік сақтауда жоқтығы, сұрау салуды тиесілігі бойынша басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберу туралы жауаптар қағаз түрдегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» №159 бұйрығымен бекітілген 1-тарауы, 3 тармағында «Мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві» республикалық мемлекеттік мекемесі, орталық мемлекеттік архивтер, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының, қалалардың, аудандардың мемлекеттік архивтері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді» - делінген.

Осыған орай, Сіз мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» (ХҚКО) коммерциялық емес акционерлік қоғамына, «Электрондық үкімет» www.egov.kz веб порталы арқылы немесе қызмет алушының кеңсесі арқылы сұраным жолдауыңызға болатынын хабарлайды.

2024 жылдың 1-ші жартыжылдығында 658 сұраным орындалды. Оның ішінде электрондық портал, «Е-архив.kz», Е-өтініш, пошта, қолма-қол арқылы – 658 сұраным қабылданып 545 оңды, 93 теріс жауаппен орындап, 20 сұранысты басқа архивтер мен мекемелерге жолданды.

Сарқан филиалында қағидаға сәйкес жүгінушілердің өтініш-хаттары уақытылы орындалып, жауап берілуде.

Ж. УНЕРХАНОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санат архивісі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде қазіргі уақытта саяси дамуға қарамастан әлемнің барлық дерлік елдерінде, оның ішінде Қазақстанда да өмір сүруін жалғастыруда және тек ауқымында ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына теріс әсер етеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған.

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты ұлттық тәжірибе мен озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, қоғамның сұраныстары негізінде үнемі жетілдіріліп отырады. Мемлекет басшысының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасына қол қоюы сыбайлас жемқорлықты жоюға жаңа серпін берді. Стратегиялық құжат сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі түрде жоюға, ол үшін жауапкершіліктің сөзсіз болуын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананың түбегейлі өзгеруіне бағытталған.

Негізгі жаңалықтардың бірі-негізсіз байыту үшін шенеуніктердің жауапкершілігін енгізу, яғни декларацияларды салыстыру нәтижелері бойынша шенеуніктің шығындары оның кірістеріне сәйкес келмеген жағдайда фискалдық және мансаптық Санкциялар пайда болады. Осы нормаларды енгізу мерзімі – 2025 жыл, яғни халықты жалпы бірдей декларациялаумен толық көлемде қамтуды ескергенде.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлаған адамдарды қорғау жүйесі күшейтілді. Жаңа заңнамалық нормалар олардың еңбек құқықтарын қорғау кепілдіктерін, сондай-ақ олар туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға көрсеткен жәрдемі туралы құпия ақпаратты жария еткені үшін қылмыстық жауаптылықты көздейді.

Аталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негізгі буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ілесіп себептер мен жағдайларды анықтау және азайту болып айқындалды. Осылайша, мемлекеттік органда және жеке секторда сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын болдырмау мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау көзделген, ол сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық факторларын анықтауға және зерделеуге бағытталған.

Жоғарыда аталған Заңның талаптарына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Бұл жерде тәуекелдер мен бұзушылықтарды мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен басшыларының өздері анықтайтынын атап өту маңызды. Бұл мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік қағидатын іс жүзінде енгізу болып табылады.

Жалпы, сыбайлас жемқорлықтан абсолютті бас тартуға сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру, тәрбие және білім беру шараларын жүйелеу, мемлекеттік аппарат пен бизнес-қоғамдастық өкілдерін парасатты мінез-құлыққа ынталандыру жолымен қол жеткізілетін болады.

Қ. САҒЫМБАЕВ,
Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысының орынбасары.

Антикоррупционная политика

Коррупция как социальное явление продолжает существовать в настоящее время практически во всех странах мира независимо от политического развития, в том числе и в Казахстане, и различается лишь масштабами. Коррупция тормозит процесс социально-экономического развития, строительства рыночной экономики, привлечения инвестиций. Негативно воздействует на политические и общественные институты демократического государства, представляет собой серьезную угрозу будущему развитию страны. Борьба с коррупцией определена в качестве одного из основных приоритетов государственной политики в Казахстане.

Антикоррупционная политика Казахстана постоянно совершенствуется исходя из запросов общества с учетом национальной практики и передового зарубежного опыта.

Новый импульс искоренению коррупции придало подписание Главой государства Концепции антикоррупционной политики на 2022-2026 годы. Стратегический документ нацелен на системное устранение предпосылок коррупции, обеспечение неотвратимости ответственности за нее, коренное изменение общественного сознания.

Одной из ключевых новшеств является введение ответственности чиновников за необоснованное обогащение, т.е. фискальные и карьерные санкции будут наступать в случае несоответствия расходов чиновника его доходам по итогам сопоставления деклараций. Срок введения данных норм – 2025 год с учетом полномасштабного охвата населения всеобщим декларированием.

Также усилена система защиты лиц, сообщивших о фактах коррупции. Новые законодательные нормы предусматривают гарантии защиты их трудовых прав, а также уголовную ответственность за разглашение конфиденциальной информации о них и об оказанном ими содействии в противодействии коррупции.

Указанной Концепцией антикоррупционной политики на 2022-2026 годы в системе противодействия коррупции основополагающим звеном определено выявление и минимизация коррупционных рисков, причин и условий, сопутствующих их возникновению. Так, в целях исключения причин и условий коррупции в государственном органе и частном секторе Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года «О противодействии коррупции» предусмотрен внутренний анализ коррупционных рисков, который направлен на выявление и изучение коррупционных факторов, способствующих совершению коррупционных правонарушений.

В соответствии с требованиями вышеуказанного Закона все государственные органы, организации и субъекты квазигосударственного сектора осуществляют внутренний анализ коррупционных рисков, по результатам которого принимают меры по устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений. Здесь важно отметить, что риски и нарушения выявляют сами работники и руководители государственных органов. Это и есть практическое внедрение принципа нулевой терпимости к коррупции в государственном аппарате.

В целом, абсолютное неприятие коррупции будет достигнуто путем повышения антикоррупционной культуры, систематизации воспитательных и образовательных мер, мотивации представителей государственного аппарата и бизнес-сообщества на добросовестное поведение.

К. САҒЫМБАЕВ,
заместитель руководителя Департамента внутреннего государственного аудита по области Жетісу.

Қытай Мемлекеттік Жазушылар одағының мүшесі Зейнолла Сәнік (марқұм) атажұртқа жиі келіп-кетіп жүріпті.

Жазушы бір келгенінде Жетісу жерінің қаламгері, Ақсу ауданының Құрметті азаматы, Қазақстанның Құрметті журналисі Болат Бисұлтанұлына Төлегетай баба жайлы жазғанын беріп кетіпті. Ата басылым арқылы көпшілік оқыса деген болу керек. Зейнеткер-журналист бұл жазбаны редакцияға әкеліп тапсырды. Көзі қарақты оқырман, жат жерде жүріп, елінің тарихын жазған қаламгердің мақаласын сіздерге қаз-қалпында ұсынып отырмыз. Оқып, көңілге тоқырсыз.

Төлегетай баба



Төлегетай бабамыз туралы ең алғаш қалам тербеген адам – кезінде Орта Азия халықтарына танымал, Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында Түркістан автономиясының бас министрі болған Мұхамеджан Тынышбаев атамыз екен. Ол кейін 1925 жылы Ташкент қаласынан «Қазақ тарихына қатысты материалдар» деген халқымыздың тарихы мен этнографиясына қатысты көлемді кітап бастырып шығарған. Сол еңбегінде ол өзінің Төлегетай бабаның 16-шы ұрпағы екенін жариялап, қазақ халқын құрайтын ру-тайпалар жөнінде көптеген жазба шежірелік материалдар береді. Автордың осы еңбегі қазірге дейін қазақ ғалымдарының ең алғаш рет айналымға түскен құнды еңбегі ретінде аталып келеді. Осы еңбегінде: «Менің 16-шы атам Төлегетай өз заманында әйгілі адам болыпты. Найман еліне өз билігін жүргізіпті... Өлгенде Өзкенттегі Қожалардың зиратына жерленіпті...», – деп жазған екен.

Тарихта қатты қырғыннан кейін халықта қайта бір ояну, серпілу болып отырған. Шыңғыс хан заманында аянышты қырғын көріп, сонау Шығыстағы Алтай мен Тарбағатайдан Сыр бойына қоныс аударған наймандар орта ғасырда қайтадан ес жиып, елдік санатын қалпына келтіре бастаған. Сондағы сол елге тұтқа болған тұлғалардың бірі – Төлегетай баба. Сол себепті қазақтың қазіргі белгілі ғалымдарының бірі Әділхан Байбатшаұлы «Қазақ даласының ежелгі тарихы» деген кітабында: «Наймандардың сол кезде қайта оянып бас құрауына, ұлыс болып бірлікке келуіне, одан қазақтың ұлт болып қалыптасуына бастаушы ретінде билік тізгінін ұстаған алғашқы тұлғалардың бірі – Найман Төлегетай әулие еді...», – деп жазады.

Тарихшы, ғалым, жазушы Қойшығара Салғараұлы: «Төлегетай,

Кетбұға, Сарыжомарттар қалың Найман тайпасын өрбіткен ірі тұлғалар... Осы Төлегетайдың шөбересі Ерторы – Қаракерейұлы Есімханның замандасы. Төлегетай қожалардан қыз алған әрі қожалардың бейітіне жерленген. Ол кезде қожалар өздерін «Пайғамбардың ұрпағымыз деп есептеп, жай қазақтан жоғары санайтын», – деп жазады өз еңбегінде («Қазақтың қилы тарихы», 254-255-бет).

2006 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, партизан-жазушы, Украина елінің Халық батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтің 86 жасында Төлегетай бабасының басына барғаны жөніндегі мақаласы жарияланды.

1997 жылы Қытайда шығатын «Мұра» журналының 3-санына «Бабаның алтын іздері» атты мақала жариялағам, кейін ол мақала «Хан батыр Қабанбай» атты кітапқа «Ата тек туралы аз аял» деген тақырыппен енгізілді. Онда сол бір асыл аталар тобы сөз болып қоймай, сонымен бірге тоғыз Найманды өз қолымен өрбіткен аналарымыз Әлпеш пен Анар туралы да тамаша аңыздық деректер келтірілген. Ол аналар туралы қазақ тарихында көп аталып жүрген Домалақ енедей ғаламат еңбек жазуға болады. Қазан төңкерісінен бұрын өр Найман 90 болыс, ой Найман 150 болыс ел екен, оған Қытайдағы және басқа шетелдердегі Наймандарды қосыңыз, сонда бұл халықтың жалпы саны қанша болады? Оған өзбек, қарақалпақ, қырғыз, мұңғұл құрамындағы наймандарды ескерсек, бұл халықтың орасан мол екенін өзіңізде аңғарарсыз. Найман ақыны Қалжанның Кемпірбаймен (Каракесек) айтысқанда:

Көзінді аш ауыр жатқан Найман
елмін,
Көз жібер ауданыма кімнен кеммін.

Жүз елу болыс болған Найман заты,
Қаз қонып, үйрек ұшқан

шалқар көлмін.

Балталы, Бағаналы, Терістаңбалы-
Арынды тау суындай қалың селмін,
Өрдегі тоқсан болыс елді қоссаң,
Алдыңа асу бермес сары белмін, –
дегені сол бір мол халықты меңзейді. 2003 жылы Түркістан қаласында белгілі қазақ ақыны Қанабек Сарыбаевтың:

–Білмесеңіз біліңіз,

Қазақтың төрттен біріміз-, деп толғауы бізге Қалжан ақынның жырын жалғастырған тәрізді сезіле береді. Біз бұл мәліметті тек Әлпеш анамыз бен Анар анамызды ардақтау тұрғысынан, «Ақ періштем-ай, ақырғы сапардан азда болса бөгеді-ау, бақытымды жандырған, сусынымды қандырған...»,– деп келіннің керша-рамен әкелген сусынын сарқа ішіп барып, соңғы лебізін білдіргенде айтқан Найман бабаңның ыстық ықыласын қайталағым келеді:

Дүние гүл. Мың солып,

мың толмақ...

Толтыратын әйел,

Ортайтатын ер...

Ердің есіруін жау сағынады,
Жаушылықта ел шабылады.

Дүниенің ортайғаны емей

немене?!

Қызылшақа ұлды да,

қызылшақа қызды да,

Бірін тұлпардай қып жаратып,
Бірін сұңқардай қып тарантып,
Өсіретін кім еді?

Қызды ай теңеспес ару еткен,
Ұлды жалынды жайсаң

алып еткен,

Бірін қалыңдық, бірін күйеу еткен,
Әйел емей немене?!

Ортайған дүниені толтырғаны

емей немене?!

Міне, осындай Найман бабамыз бен Төлегетай бабамыздың алқауына бөленіп, қазақ еліндегі мол ұрпақты өрбіткен аналарды қаншалық

жырладық, жаздық? Сол аяулы ананың алдында өзіміздің перзенттік парызымызды өтей алдық па?

Соңғы дерекке қарағанда Әлпеш анамыз Кіші жүз Алшын Адай бидің қызы екен. Ал Анар анамыз Ұлы жүз Түкебайдың қызы еді дейді шежірешілер. Болса болар, өйткені Қытай бидің өзіне түсіп ажалға дүшар еткен құсы «Оралдың орауызы» еді делінген әлгі біз жазған аңызда. Оның үстіне 1908 жылы Алакөл бойында өткізілген Қабанбай батырдың шөбересі Сүлеймен Әділбекұлының асын Кіші жүз елінен Алшын Көрпебай би басқарып еді дейді. Кіші жүз елі нағашы жұртымыз еді деп айырықша құрметтеген тәрізді. Төлегетай бабаның төрт ұлы бірдей соғыста өліп, бір ұлға зар болып жүргенде қожа қызынан бір ұл көріп, оған Ұлы жүзден Аусар биді шақыртып, ырымдап атын «Қытай» қойғызуында да үлкен мән-мағына жатыр. Демек, би атаң «елді қыз біріктіреді, жерді шым біріктіреді», – дегендей, іргелес отырған Кіші жүз, Ұлы жүз және жүзге кірмейтін қожа елінен қыз алып, құдаласу жолымен басын біріктіріп отырғанына да үлкен даналық жатқан тәрізді.

Жазба деректерге сүйенер болсақ, Төлегетай жасаған дәуірдің алды-артында осы өңірге дерліктей Найман және басқа Қазақ халқын құрайтын ру-тайпалардан шыққан әйгілі тұлғалар билік жүргізгені айтылады. Мысалы, Жалайыр Мұқалы дүние салғаннан кейін Шыңғыс ханның мемлекеттік кінәзы Ақсуат найман ұшқаш деген адам болған. Найман Кетбұға (1185-1260) «Ұлыстың ұлы биі» аталғанша Жошы ханның, кейін Құлағу ханның ақылшысы болып, 20-30 мың қол бастаған ноян ретінде сонау Мысыр, Палестинаға дейін шеру тартып барады. Найман Нангадай (Найман Қадыр ханның әулеті) Шыңғыс қолының алдыңғы шебін

Жайлы ақиқат

басқарған (иуан хандығы тарихынан), Жошыхан әулеті Өзбек ханның (1280 – 1313) бас уәзірлері найман Мағұл бұқамен Құтлық бұқалар болғандығы (ағайынды адамдар екен) тарихи жазбаларға түскен. (1530-1550 жылдары Мервтің (Орта Азиядағы ежелгі қала), қазіргі Түрікменстанның Байрам-әли қала-сының маңы) әміршісі Найман Жолым би болған. Осы кезде Найман Қобыз би Марыға (қазіргі Түрікменстанның Мары облысы) әмір жүргізген. 1570 – 1580 жылдары Найман Назар би Балықты (Солтүстік Ауғанстандағы ежелгі қала) билеген. Шайбани хан тұқымы Бабаханның әскербасы – Найман Жанмұқамет би еді делінеді.

Бірде қызылордалық қариямен таныстым, жөн сұраса келе ол кісі де найман болып шықты.

«Бұл жақта да найман бар ма?» – деп сұрап едім, Асқар атты әлгі қария маған бажырая қарап: – Сен мына Қызылордада Орта ғасыр тарихынан белгілі, осы жерді мекендеп келе жатқан 30 неше болыс Балталы, Бағаналы найманды Наймандықтан шығарып тастағың келіп отыр ма? – деп шүйілді. Қарияларда болатын кейбір қайсар мінезді, әңгіме басталарда айтылатын қышқыл әзілдерін бұрыннан естіп жүретінмін. Сонымен мынау бір сұхбат құратын адам екен-ау деп межелеп, сол жерде шетелдік қазақтарға арнап тіккен Кіші жүз Шөмекей елінің бір үйіне апарып бір сағаттай әңгіме-дүкен құрдым. Жетпістен асқан Асқар атты қарияның айтқандары мынадай болды:

Төлегетай атамның есімі бұл өңірде «Төлек ата», «Төлекетай», «Төлегетай» болып бірнеше түрлі аталатын көрінеді. Өздері кезінде «Төлек ата» деп аруаққа құран бағыштағанда «Бабамыз Төлек атаға тие берсін», – дейтін көрінеді. Ал, Ұлы жүз жағының елі «Төлекетай» дейді екен. Мұны кейбіреулер баяғы Күшлік ханның қара қытай «Кидан» – Гөріханның еліне жиырма жылға таяу билік жүргізгендігімен байланыстыратын көрінеді. Бұл өңірдегі халықтың көңіл төрінен ұлы тұлға ретінде орын алған. Ұлы бабамызды мұндағы жұрт атын атамай, көбінде «Ел назыры» деп құрмет тұтады екен. «Назыр» сөзінің түп мағынасы – арабша тіл – бақылаушы, басқарушы деген сөз. Бұл жерде ол «Ел ағасы», «Елбасы» деген мағынаны білдіретіні олардың өздері де біледі екен. Біздің Шынжанда менгерме бастықтарын (Тинжян) «Назыр» деп жүргеніміздің арғы төркіні осы сөзден келген тәрізді.

Шежіре деректері бойынша айтқанда, Найман атамның екі әйелі алған екен. Қырғауыл атты үлкен әйелінен Ақсақал, Үйелеш, Күйелеш туыпты. Шүңірекей атты кіші әйелінен Тоқпан атты бір ұл болыпты. Сол бір жаугершілік замандағы соғыста Найманның төрт ұлы бірдей қаза табады, жастай жесір қалған Тоқпанның әйелі Әлпешті біреулер үйсін қызы, біреулер алшын қызы деседі. Біздіңше алшын қызы болу мүмкіндігі көбірек екенін жоғарыда айттық. Ақылды ана Әлпештің арқасына аздай батқан нәрсе – Найман атам ұрпақсыз кете ме деген ой болады. Сонымен өзін өменгерлікке аламын деген арғын балаларынан құтылу үшін данышпан ана Арғын атаның алдына қошқар же-

телеп барады. Мұның мәнісін білген Арғын баба: «Құр суға бата жүрмейді, құр аяққа неке жүрмейді», – деуші еді балам, – қошқарың қалсын, өз басыңа бостандық бердім», – дейді. Әлпеш атасына әйел әперіп, сонан туған қайынысына тиюге бел буып, соны күтеді. Найман ата 87 жасқа шыққан жылы шыр еткен жас иіс көреді, артымда қалған белгім деп атын Белгібай қояды. Кейбір жазба дерекке қарағанда осы Белгібай Өкіреш Найман аталған екен. «Өкіреш» сонау ғұндар заманынан бері қарай әйгілі тұлғалардың айбынды, қуаттылығын білдіретін байырғы атақ болған. Әлпеш ана 36 жасқа келгенде 18 жасар қайынысымен некесін қидырады. Сонан барып Сүйінші, Сүйіншіден Төлегетай, онан Қытай, Қытайдан Қаракерей, Төртуыл, Садыр, Матай туады. Ұрпақ қамын ойлаған аяулы Әлпеш ана жасы ұлғайып қалғанын ойлап, сіңілілерінің біреуін Белгібайға қосады, онан Сүгірші мен Өтеген туады. Сол Сүгірші мен Өтегеннен Ергенекті, Терістаңбалы, Балталы, Бағаналы, Көкжарлы рулары тарайды екен.

Сыр бойындағы Наймандар арасына тараған аңызға қарағанда Сүйінші өте бай болған адам екен. Сол байлықтың белгісі болар «Сүйіншінің малы көп пе, даланың аңы көп пе?» деседі екен жұрт. Төлегетай жасында көп оқыған дейді. Оны кейінгі кезде датқалық тұғырға көтерген де сол білімнің күші болса керек. Найман әулетінде ұлдан көрі қыз молырақ тәрізді, сондықтан қыздан туған жиендер көбірек келгіштесе екен. Бірде Сүйінші баба Төлегетайдан: «Балам, далада ешкі қайырған дауыс не?» деп сұрапты, сонда Төлегетай: «Серкелердің санына жете алмай жүрген жиендер ғой», – деп жауап беріпті. Сонда Сүйінші атамның ойлап отырып: «Е, солай де, тілеу – анадан, тіреу – атадан», – деуші еді. «Ата күшімен ер өседі, ана тілегімен ел өседі», – деген осы ғой, саған ана тілегі дарып, атаның күші асқар бел болсын, жиен назары ана тілегінен қағыс қалмасын, қырықтың бірі – қызыр, сол шіркіндердің әрбіріне қырықтан серке бөліп беріп алдына салыңдаршы! Сонда олардың өзі кеткенімен, көңілі қораннан шықпайтын болады», – депті. Ғұламалар жиендерге қырық серкеш беру салты Сүйінші, Төлегетай бабаларымыздан қалған дәстүр деседі.

Асқар атты әлгі шежіреші қарияның айтуына қарағанда, Төлегетай бабамыз жер жадысына жүйрік болған, жері құмдауыт, суы тапшы келетін сол өңірде бабамыздың мына жерден су шығады деп таяғымен нұсқаған жерінен су шығады екен. Соған байланысты «Төлек атаның суаты» деген жер аттары да бар көрінеді. Сондықтан ол жақтың елі Төлек атаны Қарасай батыр, Райымбек батырлардың «Киелі ата» деп аталуынан бұрын өмірден өткен қазақтың сол замандағы киелі тұлғаларының бірі еді деп қарайды екен. Төлегетай әулеттері бабасының сол өсиеттерін берік ұстанған, олар Сыр бойынан Арқа өңіріне қоныс аударған кезінде де іргесі бөлінбей бірге барған. Дулат жырау Бабатайұлы (1802-1874) өзінің «Сарыарқа» атты жырында: «Тай туып, тайлақ қайырған, тоқты

қоздап байыған» Сыр өңірімен, «Өзіреті қонған Қаратауды» сағына еске алып, «О, Сарыарқа, Сарыарқа, самалы салқын жон едің, Сырдан ауып келгенде, тимеген ірге соңы едің» деп жаңа қонысты ағынан ақтарыла жырлаған болатын. Соңғы кездері біз Арқа өңіріне 2-3 рет сапарлай барып, бабамыз Қабанбай батыр жатқан «Қабанбай төбесі» атты елді мекеннің төңірегінен «Қабанбайдың үш терегі», «Қабанбайдың қыстауы», сондай-ақ Жолымбет, Жанкөбек, Садырбай ауылдары сияқты Төлегетай әулеттерінен шыққан әйгілі адамдардың атымен аталатын көптеген елді мекенді көзімізбен көрдік. Төлегетай әулеттері 1750-1850 жылдары Шығысөңіріне, одан Қытайға қоныс аударған кезде бабасының сол өсиеттерін берік ұстанған, іргелері бөлінбеген, бір-бірінен «от сұрай» жүрген. Кезінде бабаларымыздың ел басқарушыларды төреден, діни сауат ашушыларды қожалардан сайлағаны шындық. Тарихта қожалар қазақтың ағарту ісіне үлес қосқаны да шындық.

Төлек атамның шау тартқан шағында ұрпақтары барып мынадай жөн сұраған екен: «Қазылық қиын ба, датқалық қиын ба?», «Ұлдың жаманы қандай, қыздың жаманы қандай?». Сонда ұзақ жыл осы датқалықтың да, қазылықтың да тізгінін ұстаған қарт ойланып отырып былай деген екен:

Қазы елдің арқасында күн көреді. Ал датқа елдің күн көрісін қалай түзеймін, көпке көже-қатықты қалай тауып беремін дегенді ойлайды. Сондықтан қазыны ел асырайды, датқа елді асырайды десек те болады. Қазы айтқан билігіне, төрелігіне ғана жауапкер, бұл екеуінің парқы мен қиындығы да осында. Сонда қиыны – датқалық – Қазының алдына», – деп сөзін сабақтапты Би атаң.

– Дау қуған екеу, ары кетсек екі топ, жүгінеді бірі «тәуекел» деп тұрады. Оны көзі айтып қояды. «Арамзаның көзі ойнақы, өтірікшінің сөзі ойнақы», – деген сол. Екіншісі «Алла» деп келеді. Оны да иман жүзі білдіреді. Мұндайлар өзі-ақ, құдайы жақ адамдар. Осыны дұрыс парықтай білгенге қазылық қиын емес. Мұндайда жолың таза, ісің пәк жүреді». Екінші сұрақтарың не еді? – деп данағөй қарт қайта сұрайды. Балалары сұрақтарын қайталайды. Қарт би басын шайқап: «Мыналарыңның салмағы бірінші сұрақтан ауыр ғой» деп, бір сәт ойлап барып сөз тиегін ағытады:

Бабаның жалғыз ұлы Қытай 38 жасында салбұрынға шығып, өз құсынан мерт болғанын біз жазғанбыз. Содан ел жиылып, Қытайды арулайтын кезде қарияны сүйеп, сүйек басына әкеледі. Қарт бидің қанатымен қоштасардағы зары қандай ғаламат еді:

Мен әкем Сүйіншіден жалғыз едім,
Су түбіндегі жалбыз едім,
Қытайым қытайдай

көп болсын деп –
Аллаға үмітімді зар ғып едім...
Мезгілсіз қаза келгенде,
Жалғызым кенет өлгенде,
Бұлағым суалғандай болды
Жайлауым қуарғандай болды.
Қу толағай бастандым,
Алдарыңда тірі тұр демесең,
Өзім де өлуге шақ қалдым,...
Уа, тәубә, тәубә!
Пенде екенмін, тәубә дейін,

Жапырылып отырған
өздеріңді көргенде,
Ұқтым Қытайымның өлмегенін!
Асыл найзаның сабы сынса
Ұңғысы қалды емес пе?
Найза қайта сапталмас па,
Төрт немерем тірі болса,
Түмен ел болмасына кім кепіл?
(«Хан батыр - Қабанбай» 54-55-беттен).

Рас-ау, «Әке өліп, бала қалса мұратына жеткені, бала өліп, әке қалса, дерті ішінде кеткені» деп бұрынғылар тауып айтқан ғой. Бірақ, тағдырға не дауа, қарт бидің іші дертке толып, өлуге шақ қалып тұрса да, ел алдында еңселі тұлға, қажымас қайсарлық көрсету қажет болғанда, қайратын бойына қайта жиып алудың өзі де ерлік қой. Бабамыз мұнысымен де ұрпағына үлгі болып тұр емес пе? Сондықтан, ізденсек ізін табатын дүниелер баршылық-ақ тәрізді. Төлек атай жөнінде көп мәлімет берген Асқар қария кетерінде: «Қарағым, алыстап кетіп, атаңның жатқан жерін көре алмай жүрген бауыр екенсің. Жүр, атаңның басына барып қайт, қоныс аудару көбейе берген соң, қай атаңның қайда жатқаны ұрпаққа жұмбақ болып, ізі өшіп кетеді. Бәлкім, біздің Сыр бойынан жылжымағанымыз бабалар жөніндегі байырғы дүниені ұмытпағанымызға себеп болған шығар, бара қалсаң құр қайтпассың», – деп қолымды қатты-қатты қысып, құшағына басып, қимастықпен қоштасқан еді. Сол жылы яғни, 2008 жылы 25-қазан күні Төлегетай бабамның басында болу мүмкіндігі туды. Сонау Қытайдан келіп, құшағынан миллиондаған ұрпақ таратқан ұлы бабаға жыр арнадым. Ол өлеңім «Бір сезім осы өлкені сағындырып қимаған» деп аталады.

Төлегетай ұлы бабам,
ұрпағы өсіп құтайған,
Келіп тұрмын тәу етуге,
сонау-сонау Қытайдан.
Егеменді ел болған соң,
ұрпақтарың қуанып,
Ада-күде құтылды ғой,
басқа келер құқайдан.
Қазақстан, Орыс, Қытай, Түрік,
Монғол еліне,
Тараппыз ғой, бүкіл Тұран –
Орта Азия жеріне.
Асқар Алтай, Тарбағатай,
ұлы Үйсін тауларын
Мекен етіп шықтық биік
Ерен таудың төріне.
Киелі ата, өз рухың бізді
жебеп қолдаған,
Сол себепті өзің жайлы
ойланамын, толғанам.
Сан ғасырды алдыға сап,
өтсе-дағы көп заман,
Сол рухың қайрат беріп,
жігерімді сомдаған.
Ұрпақтарың қайда жүрсе,
бірін-бірі сыйлаған,
Сол рухың біріктіріп,
бізді мұнда жинаған.
Жүрсек-тағы, қиыр жайлап,
шет өлкені қоныстап,
Бір сезім бар осы өлкені
сағындырып, қимаған.
Бабаға арнап, кесене сап,
үлгі орнатқан артына,
Сәлем-сәлем Қазақстан,
Қызылорда халқына!
Ұлы бабам жебей берсін,
деп тілейміз әманда,
Уа, жамағат, бас иемін,
ізетпенен жалпыңа!

Семинар

Жуырда жер Жәннаты - Жетісу өлкесінің киелі мекені Бақалы ауылында ауылдық кітапхананың ұйымдастыруымен «Бақалы азаматтарымен бағалы» атты семинар өтті. Семинарға ауыл әкімі және аудандық, ауылдық кітапхана қызметкерлері қатысты. Кітапханашы Құрманғалиева Сәуле Тоқтасынқызы кітап көрмесі және қойылған материалдармен семинардың мақсатын аша білді.

Сарқан ауданы, оның ішінде Бақалы ауылы – Жетісу тарихының бір бөлшегі. Бұл өңір -тарихи шежіреге, ерлікке, рухани дәстүрге бай өлке -деп бастады кітапханашы өз сөзін.

Жетісудың құлагер ақыны І.Жансүгіров өзінің шығармаларының бірінде «Өз елін, өз ерлерін ескермесе, Ел тағы қайдан алсын кемеңгерді», - дегендей семинар тақырыбына байланысты ауылымыздан шыққан аға буын ерекше тұлғалар жайлы сөз қозғалды.

Елінің атын, жерінің даңқын шығарған тұлғаларды бақалылықтар мақтан тұтары анық. Осындай елге тұтқа болар дарындарды атап айтсақ, ақын Ә.Абайділданов, жазушы, қоғам қайраткері, журналист К.Қазыбаев, профессор М.Арын, ака-

Бақалы азаматтарымен бағалы

демик, филология ғылымының докторы Т.Сыдықов, академик, техника ғылымының докторы А.Бекбаев, профессор С.Рысалдин, профессор Ерлан, Нұрлан Арындар, актер С.Мерекенов, профессор Т.Есімханов, Ә.Ғалиевтермен мақтанады. Киелі топырақтан екі академик, он екі профессор шыққан.

Биылғы жылы жазушы, қоғам қайраткері, журналист К.Қазыбаев ағамыздың туғанына тоқсан бес жыл толып отыр. Соған орай Бақалы ауылдық кітапханасы аудан көлемінде үлкен шара өткізді.

Бақалыға былайғы жұрттың білім қонған ауыл деп қызыға қарауы жайдан-жай емес. Халқымыздың ертеңі үшін ұйқы-күлкіні ұмытқан аға буынның өнегесі арқылы бүгінгі ұрпақтың да білім қуып, айтулы табыстарға жетуі осы шағын елді мекенге құт қонып, қыдыр қонғанын айғақтап тұрғаны анық.

Демек, осыншама қазынасы бар ел –



рухы бай ел. Ал рухты елдің еш уақытта еңсесі түспейтіні хақ. Рухы биік ел -мәңгі жасайды. Кеш барысында ауыл әкімі Ә.Канапьянов және аудандық кітапхана әдіскері А.Сейполдина құттықтау сөз сөйледі. Іс-шарада мәдениет үйінің

қызметкерлері өз өнерлерін паш етіп кешті қызықтыра түсті.

Сәуле ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
Бақалы ауылдық кітапханашысы.

Летние каникулы

Незабываемый отдых!



На базе школы-гимназии №1, 1 июля в замечательный солнечный день, пришкольный лагерь «Куншуак» распахнул свои двери для 30 детей.

Первый день знакомств! Была проведена торжественная линейка в честь открытия лагерной смены. Директор лагеря Г.Иргебекова, познакомила ребят с режимом дня, с правилами и законами лагерной жизни. Наши воспитанники рисовали на асфальте яркие и добрые рисунки.

День национального рукоделия провела Г.Нанбаева. Она познакомила девочек с изготовлением пряжи из шерсти.

Воспитательные мероприятия, проводимые педагогами-воспитателями, развивали и интеллектуальные способности ребят. Под руководством Сыровятовской Т.А. прошел День дружбы. Ребята общались на трех языках. Выполняли задания.

В течение всей смены ребята были вовлечены в калейдоскоп различных событий. Каждый следующий день был не похож на предыдущий и наполнен яркими впечатлениями. Психолог А.Муналбаева проводила психологические тренинги в игровой форме. Г.Дуйсебаева преподаватель казахского языка, провела для ребят незабываемые занятия на природе. Библиотекарь Н. Медведева познакомила с выставкой книг «Знаменитые люди Казахстана». Преподаватель английского языка А.Касымова провела конкурс «Кто лучше всех знает английский язык» Победителем стал Валиев Данил, получил подарок.

Для каждого ребенка лагерь открылся своей гранью: кто-то нашел новых друзей, кто-то открыл в себе новые творческие способности, кто-то узнал, что трудиться это интересно, а кто-то научился не огорчаться при поражении.

Естественно, что укреплять здоровье нельзя без спорта. Ежедневно проводилась зарядка и танцевальные разминки на свежем воздухе. Наши дети принимали активное участие в спортивно-развлекательных мероприятиях под руководством физруков Курышина В.А. и Ракитянского А.С. Командам были предложены увлекательные конкурсы, где нужно было проявить меткость, ловкость, быстроту, сноровку.

Ребята ярко проявили себя не только в спорте, но и в творчестве. С азартом пели, танцевали. Особенно им запомнилось музыкальное шоу "Звезды Куншуака", которое подготовила Ж.Хузайыр. Закрытие лагерной смены прошло в очень веселой, позитивной и интересной обстановке! Ребята пели, танцевали, участвовали в разных игровых конкурсах. Каждому была вручена грамота и памятный подарок.

Надеемся, что дни, проведенные в летнем пришкольном лагере, надолго запомнятся каждому и останутся наполненными незабываемыми впечатлениями и приятными воспоминаниями.

Увлекательных вам каникул, ребята!

О. ВЕРШИННА,
учитель начальных классов школы-гимназии №1.

Көрме

Домбыра – қазақ тарихының дастаны



Домбыра – қазақтың бас аспабы. Ұрпақтан Ұрпаққа бабамыздың көзіндегі аманатқа қалдырылып, осы уақытқа дейін қылы қисаймай жеткен халқымыздың көне мұрасы.

Осы көне мұрамызды дәріптеу мақсатында Мұқан Төлебаевтың мемориалды музей қызметкерлері 27 маусым домбыра күніне орай «Домбыра – қазақ тарихының дастаны» атты көрме ұйымдастырды. Көрмеге Лепсі ауылдық округі әкімшілігі, мәдениет үйі, кітапхана қызметкерлері және жазғы лагерь балалары келіп тамашалады. Көрме барысында бабамыз Құл ақынның домбырасы, Мұқан Төлебаевтың жақын досы, әрі ақын Мақсұт Қайырбекұлының домбырасы, музейіміздің алғашқы директоры Қажыбай Хасенұлының қолданған домбырасы, Ұлы Отан соғысының ардагері Ахметов Мұратбек атамның домбырасы көрмеге қойылып, тарихы жайлы айтылып, насихатталды. Көрме барысында 1844 жылы дүниеге келген ақын бабамыз Құл ақынның бес жасынан домбыра тартуды үйреніп, жастайынан айтысқа түсіп, ақын атанып өзінің айқұлақты домбырасын бір мезет те қолынан тастамағаны, Мұқан Төлебаевтың жақын досы, әрі ақын Мақсұт Қайырбекұлының домбырасы, сонымен қатар экспозициямызда композитор Мұқан Төлебаевтың ұйымдастыруымен құрылған «Жұмысшы жастар» театрында қолданылған домбыраның ерекше түрі шіңкілдек көрмеге қойылып, саз аспаптарының тарихы айтылды.

Шара аясында бейне жазба көрсетіліп, мәдениет үйінің қызметкері Зияда Рахаттың орындауында Құрманғазының «Балбырауын» күйі шертіліп, ауыл имамы Досмырзанов Серік ағамыз домбыра туралы аңызды әңгімеледі. Көрмені тамашалауға келген қонақтар ерекше әсер алып, ризашылықтарын білдірді.

Домбыраның үні – қазақтың жыры. Домбырамен жырланған күйшілердің әр күйі, туған жердің есінде мәңгілік сақталмақ. Себебі сыр даланың күйімен, қоңыр Балқаш желімен сыңғырлаған әсем күйі қазақтың тарихында, есінде қалады.

Әсия ЖҰМАБЕК,
Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінің
экскурсия жүргізушісі.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл түрлі салаларда жүзеге асырылады. Атап айтқанда, халық пара алу сырқатымен жиі кездеседі. Сондықтан кез келген ортада біз парақорлықпен пара берудің жолын кесуде әлеуметтік белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың дұрыс жұмыс істеуіне теріс әсер етеді, беделдің әдепсіздігін тудырады, заңды қағидаларды жоққа шығарады, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға итермелейді. Қазіргі уақытта біздің қоғамға қауіп төндіретін және үлкен зиян келтіретін осы теріс ықпал ететін әлеуметтік көрініске қарсы қатаң шаралар қабылдануда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес арнайы әзірленген мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылады. Біздің еліміздің өркеніетін дамытығы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекет ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы болып табылады.



РАХМАРОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығының уақытша міндетін атқарушы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Астық алқабындағы өрт

Астық алқаптарындағы өрт үлкен зиян келтіреді. Желді немесе ыстық күндері өрт қауіпсіздігі қағидаларын орындамау, кішігірім ақаулық пен сақтықтың болмауы қайғыға әкеп соқтырады. Астық өрісіндегі өрт-үлкен апат. Қысқа мерзімде өрт үлкен аумаққа таралып, көптеген адамдардың еңбегінің жемісін құртуы мүмкін. Оған қарсы күреске ондаған адам мен көп техника қажет. Сондықтан, егіннің сақталуын қамтамасыз ететін шаралардың жалпы кешенінде өрттердің алдын алу маңызды рөл атқарады.



Егін жинауға арналған өрт қауіпсіздігі ережелері қарапайым және оларды орындау оңай. Алайда, жеке шаруа қожалықтарының басшылары оларды ауыр жүк деп санайды және оларды орындауға немқұрайлы қарайды. Барлық комбайндар егін жинау науқанына уақытылы дайындалғанымен, оларды өрт сөндіру техникасымен жабдықтауды ұмытып кетеді. Сондықтан алқаптарда жануға жол бермеу үшін, барлық механизаторларға, ауыл шаруашылық құрылымдарының мамандарына, азаматтарға өртке қарсы ережелерді үнемі есте сақтау қажет.

Ә.ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Табиғаттағы өрт қауіпсіздік шаралары



Құрғақ шөптің жануы - басқарылмайтын процесс. Құрғақ шөптердің жануын тоқтату оңай емес. Өрттің үй-жайларға және орман алқаптарына тез тарау қаупі туындайды.

Сондықтан табиғаттағы өрт қауіпсіздігі шараларын сақтаңыз.

Табиғатқа, үй жанындағы учаскеге немесе саяжайға шыққан кезде, от жағатын жердің құрылыстан алыста (үй-жайлар мен құрылыстардан 50 м кем емес) және жанында тез тұтануы мүмкін ештеңе болмағанын алдын ала ойлаған жөн. Ағаштардың түбінде және құрғақ қылқан жапырақпен

жабылған жерде мангалды тұтатпаңыз. Көмірді жағу үшін қолданған сұйықтық ыдысының қақпағын бірден жауып, алысырақ қойыңыз.

Егер жануды байқасаңыз - дереу өртке қарсы қызметке "101" немесе "112" телефондарына қоңырау шалыңыз. Шақыру кезінде өрттің орны, оның себебі және адамдар үшін ықтимал қауіпі туралы нақты ақпаратты жеткізіңіз. Бұдан әрі нақтылау ақпарат алу үшін атыңызды, телефон нөміріңізді атаңыз. Мүмкіндігінше өрт сөндіру машиналарын күтіп алуға біреуді жіберіңіз, себебі өрт сөндіру қызметкерлері жану орнына өтетін жол

бар ма, қайда және қалай жылдам жетуге болатынын білмеуі мүмкін.

Ал содан кейін қолда бар құралдармен, қауіпсіздік шарасын сақтай отырып, жануды оқшаулауға кірісіңіз. Өртті ауыздықтау - көрші құрылыстар мен саяжай учаскелеріне оттың таралуына жол бермеу, оны жанып жатқан шөптерді су немесе құм арқылы сөндіріп, ағаш кесу материалдарын және от таралу жолындағы ағашты алып тастау арқылы жасауға болады. Егер адамның үстіндегі киімді өрт шалса, оған жүгіруге жол бермеңіз. Оны жерге құлатыңыз, жабынды жабыңыз және үстіне мол су құйыңыз. Егер киімі жанып кетсе, күйген адамды шешіндірмеңіз, дененің зардап шеккен бөліктерін таза матамен жауып, жедел жәрдем шақырыңыз.

Саяжай қоғамдарында өртке қарсы су көздері болуы қажет, олардың орналасқан жері туралы келген өрт сөндірушілерге хабарлау қажет.

Сарқан ауданы ТЖБ қызметкерлері еске салады, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылған.

Тек жалпы күш-жігермен ғана біз өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ете аламыз және ауыр зардаптардың туындауын болдырмаймыз.

М.САРКУЛОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

Лес — наше богатство

Лес был и остается нашим достоянием. Здесь мы можем восстановить физическое и психическое здоровье, наблюдать за важными для нашего понимания мира вещами. Деревья помогают обустроить наш быт, предоставляя нам все: от строительного материала до бумаги. Но, к сожалению, от бездумных поступков посетителей природы могут возникнуть лесные пожары, которые на своем пути могут уничтожить все, на восстановление которых понадобится десятилетиями.

Наступила самая опасная пора — жара, когда жухнет и сохнет трава. Именно в это время нужно быть бдительными по недопущению пожаров. Соблюдать элементарные правила, находясь на природе, посещая леса.

Всем известно, что летний период — пора отпусков и выходных на природе. Неосторожное обращение с огнем является одной из причин возникновения лесных пожаров. Костер, оставленный без присмотра, может натворить огромное количество бед, особенно в лесу, где вокруг деревьев, растения. Для лесного пожара достаточно нескольких искр, и он очень опасен из-за того, что с огнем моментально охватывается огромная территория, и человек в одиночку просто не в состоянии утихомирить пламя. Особенно коварен ветер, о котором многие туристы даже не думают, разводя костер на лесной поляне. А между тем, даже слабый ветер является крайне опасным для леса — искры быстро разносятся и легко могут спровоцировать пожар.

Для соблюдения простых правил на природе, на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар — Алатауский» ГНПП существуют туристские маршруты, которые оборудованы бивачными полянами, местами для кострищ и мусорными бочками, которые предотвращают пожары, сохраняют нашу природу. В пожароопасный период особенно ведется дежурство в обходах, государственные инспектора охраняют вверенные им участки.

Бережное отношение к лесу сохранит лесной фонд и окружающую среду. Берегите лес от пожаров.

Н.ТЛЕУОВ,
лесничий Жаланащского лесничества Лепсинский филиал РГУ «Жонгар — Алатауский» ГНПП.

Самый злейший враг лесов, флоры и фауны — пожар. В его беспощадных объятиях все живое превращается в пепел. Сгорают экосистемы, животные, реликтовые растения, нарушается водоохраный режим. На многие годы места пожаров превращаются в пустыню с бедной растительностью и отсутствием животных. На местах пожаров не поют птицы, так как нет деревьев, ни кустика, где пернатые могли бы свить гнездышко.

Задачей сотрудников Лепсинского филиала РГУ «Жонгар — Алатауский» ГНПП является недопущение лесных пожаров. Проводится разъяснительная работа с местным населением, главами крестьянских хозяйств и пасечниками, проводятся лекции в школах и учреждениях, ведется работа со средствами массо-

Пожары губительны

вой информации, публикуются статьи в газетах. Ведется дежурство, как на кордонах, так и в офисе филиала. И в праздничные дни, и в выходные, всегда есть дежурный, который реагирует в случае возникновения пожара и оповестит всех. В филиале созданы пожарные бригады из инспекторского состава и специалистов филиала, а также добровольные дружины из глав крестьянских хозяйств и пчеловодов, при необходимости они сразу выедут на место возникновения пожара для его локализации. Средствами тушения пожара сотрудники филиала обеспечены в полном объеме, имеется спецтехника, пожарный инвентарь укомплектован.

Основным фактором возникновения пожара, является человеческий фактор — незатушенный костер, горящие спички, окурки и неправильное обращение с огнем. Очень малая доля возникновения пожаров приходится на природные факторы — удар молнии и т.п. Мы призываем граждан, беречь природу и очень осторожно обращаться с огнем, во избежание возникновения пожаров. Природа дарит нам свои дары, так будем беречь ее.

Р. ХАЙБУЛИН,
сотрудник Лепсинского филиала РГУ «Жонгар — Алатауский» ГНПП.



Алғыс

Қоғамның қолдауын сезіндік

Сарқан аудандық мәдениет үйінің ғимаратынан қоныс тапқан біз, аудандық зағиптар қоғамының мүшелері, айналамыздың оң көзқарасын, төңірегіміздің қолдауын сезінгенде қанаттанып қаламыз. Жарық дүниені толық көру қабілетінен айырылған қамкөңіл жандарға қоғамның жанашыр сезімі ауадай қажет. «Жақсы сөз – жан азығы», «Қайырымдының қазаны ортаймайды» дегендей сөздерімен жебеп, істерімен демеп жүрген азаматтардың барлығына біз тәубе етеміз.

Сөзіміз жалаң болмас үшін нақты мысалдарға жүгінейік. «Дидар», «Светофор» сауда орталықтары басшыларының материалдық қолдауымен мамыр айындағы үш бірдей мереке аясында қоғам мүшелеріне мерекелік көңіл-күй сыйлап, сый-сияпат ұсындық. Аудан әкімдігінің қолдауымен екі бірдей мүгедек адам тұратын Сырым Датұлы көшесіндегі № 21-үйдің ескірген электр желілері жаңаланды.

Жуырда аудан әкімінің орынбасары Асхат Қалиасқаровтың қабылдауында болып, зағиптар қоғамы мүшелерінің «өзен бойында демалсақ» деген өтінішін жеткіздік. Әкім орынбасары сөзбұйдаға салмай, «Қанатжан» ЖШС директоры Жәлел Сасанбаевпен хабарласып, мәселені шешіп берді. Жәлел Болатханұлының өзі демеуші болып арнайы автобус бөліп, қоғам мүшелерінің Теректі өзенінің бойында демалып қайтуына мүмкіндік тудырды. Өзімізбен бірге азық-түлігімізді алып барып, самаурынның шайын ішіп, бір-бірімізбен емен-жарқын араласып, сапардан көңіліміз жайланып қайтты.

Біздің тауқыметімізді жеңілдетіп, қамқорлық жасаған барша азаматтарға және қоғамдағы белсенді қызметімізге жағдай туғызып отырған көмекшім Алтынай Мұқажановаға алғысым шексіз.

Баян БЕКСАПАРОВА,
аудандық зағиптар қоғамның төрайымы.

ОБЪЯВЛЕНИЯ

Продаются доски от 3-х метров до 6. Есть обрезные и необрезные. А также продаются бочки пластмассовые.

Дом из 4-х комнат с мебелью. Автомобиль Ниссан джип 2002 г.в. в отличном состоянии.

Обращаться по адресу: Панфилова №5, дом. тел. 2-70-84, сот. 8705 3584573.

После смерти **Рябова Николая Николаевича**, умершего 22.06.2024 г., открыто наследственное дело у нотариуса Камзолдаевой Айжан Аскарловны действующей на основании гос.лицензии № 18009650 от 15.05.2018 г. выданного МЮ РК. **Прошу наследников обращаться по адресу: область Жетісу, Сарқанский район, город Сарқан, ул. Джамбула №27 А. Сот. 8777 7233588.**

Открылось наследство после смерти **Харцызова Валентина Андрияновича**, умершего 17 января 2024 года. **Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарқанский район, город Сарқан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16.**

Арманым - тіс дәрігері болу

Дәрігер болу күрделі,
Бірақ бәріне белгілі.
Еңбектері маңызды,
Адамдарға пайдалы.

Болашақта мен тіс дәрігері болғым келеді. Себебі, кішкентай балалар тістері ауырып, жылап дәрігерге барады. Сол кезде дәрігер тістерін емдеп, тез жазылып кетуіне көмектеседі. Ата-анам әрқашан мамандықтың бәрі жақсы, барлық мамандық иелеріне құрметпен қарау керек екендігін кішкентай кезімнен үйретіп келеді. Сондықтан мен қандай мамандық таңдасам да аса жауапкершілікпен қарау керектігін білемін.

Осы орайда өзімнің сынып жетекшім Мағруфова Гулмира Танешқызының қолдауымен зерттеу жұмысын бастадық. Бұл тұста мен өзімнің болашақ мамандығымның әр түрлі қырларын зерттеп, танысып жатырмын. Болашақта халқыма пайдасы тиетін, жақсы маман болу үшін бүгіннен бастап ізденіп, оқығанды көңілге тоқу керек!

Ержан АБУБАКИР,
Н.Островский атындағы мектеп-лицейінің 1 “ө” сынып оқушысы.



Өен туған күн, мереке, мен!

М.Мәметова атындағы орта мектебінің кіші қызметкері **Богатиков Василий Григорьевичке** мерейлі 60 жас - туған күнімен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестерінің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз!

Ұжымыңыз Сізді сыйлы да беделді әріптес ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Осы қуанышты сәтте Сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз!



М.Мәметова атындағы орта мектебінің орыс тілі пәнінің мұғалімі **Богатикова Жаннат Каметаевнаны** шілденің онында келіп жеткен мерейлі 60 жас туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірманды ана, асыл жар бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз. Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жанарыңыздан әрдайым нұр себелеп, жаныңыз шаттыққа кенелсін демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Ізгі тілек білдіруші: М.Мәметова атындағы орта мектебінің ұжымы.

М.Мәметова атындағы орта мектебінің кіші қызметкері **Сергазин Ерлан** ағамызды шілденің жиырмасыншы жұлдызында келіп жеткен мерейлі 60 жас туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз.

Мерейжас мерейіңізді өсіріп, абыройыңызды тасытсын. Өзіңізге деген ақ тілек, ізгі ниетімізді қабыл алғайсың.

«Бақытты өмір болмайды, бақытты күндер болады», - деген сөз бар. Сол бақытты күндеріңіздің көп болғанын тілейміз! Арайлап атқан әрбір таң мен нұрлана батқан әрбір кеш бақыт сыйласын! Барлық арман - мақсаттарыңызға жетуіңізге тілектеспіз және де өмір күресінде биіктерден көріне бер. Мерей тасытар туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Денсаулығыңыз мықты болсын, бақыт құсы басыңызға қонсын, өмір жасыңыз ұзақ болсын!

Ізгі тілек білдіруші: М.Мәметова атындағы орта мектебінің ұжымы.

Бәйге



Сәйгүліктер топ жарды

Ауданның ауылшаруашылығы саласының әлеуетін арттыруға үлес қосып келе жатқан белгілі кәсіпкер Бершімбеков Қайратбек Сембіұлы жуырда туған жері Екіаша ауының атшабарында бәйге ұйымдастырып, ат спорты дегенде делебесі қозатын жанкүйерлердің басын қосты.

Ел дегенде елеңдеп тұратын жақсы істің жанашыры меценат Қайратбек Сембіұлын алқалы басқосуда зейнет жасына толуымен аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев құттықтап, иығына шапан жапса, осы өңірдегі аға буын өкілдері, алыстан ат арылтып келген достары еңбектің ебін тапқан азаматтың жақсылығын өз сөздеріне арқау етті. Шағын жиыннан соң бастау алған құнан бәйге, топ бәйге, аламан бәйге қызықтаушы қауымды еліктіріп, кіл жүйріктер қатысқан бәйгеде топ жарған сәйгүлік иелерінің мерейі үстем болды.

Жеңімпаз шабандоздар мен ат иелері өздеріне тиесілі жұлдені Сарқан ауданының Құрметті азаматтары Қанат Маманбаев, Нафих Ахметов, Қадыл Жанасбековтердің қолынан алды. Топ бәйгеде бас жұлдені «Ақтанау» аттың иесі Марат Ақберлинов, құнан бәйгеде «Айдын» атты сәйгүлікпен Ернар Байбатыров, аламан бәйгеде «Кабирхан» атты тұлпарымен Айбек Досаев жұлдегер атанып, жарысты ұйымдастырушының жұлдесін еншілеп, ат мініп қайтты.

Ерсайын ТҰРСЫН,
Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің студенті.